

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2019 жылғы 31 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Ж.Н.Бәйішев,
баяндамашы судья А.Э. Туманян,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы А.П.Малашконың қатысуымен,
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68,
69, 73 – 75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 14, 19, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне түсініктеме
беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия, Өтініш беруші, ЕЭК) Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін және Комиссияның техникалық реттеу саласындағы шешімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орындауына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру барысында мүше мемлекеттерде Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) (бұдан әрі – КО ТР 018/2011) ережелерін Одақтың кедендік аумағына жеке мақсатта пайдалану үшін әкелінетін көлік құралдарына қатысты сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды алуы мәселелерін реттеу бөлігінде жеке тұлғалардың қолдануының әртүрлі практикасы анықталды.

КО ТР 018/2011 69-тармағына сәйкес Одақтың кедендік аумағына әкелінетін жеке-дара көлік құралдарының сәйкестігіне бағалау жүргізу барысында көлік құралын дайындаушы немесе оның атынан әрекет ететін оның уәкілетті өкілі, не көлік құралын Одақтың кедендік аумағына әкелуді жүзеге асыратын тұлға (оның ішінде көлік құралын жеке пайдалану үшін әкелетін жеке тұлға) немесе оның өкілі өтініш беруші ретінде әрекет етеді.

Көлік құралын жеке пайдалану үшін әкелетін жеке тұлғаларды сәйкестікті бағалау рәсімін жүргізу кезінде өтініш берушілердің қатарына енгізу, Өтініш беруші түсіндіргендей, Одақтың аумағындағы жалпы пайдаланымдағы жолдарда пайдаланылатын әкелінетін көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету (атап айтқанда, «конструктор-автомобильдерді», Одақтың бірыңғай нарығы үшін арналмаған көлік құралдарын әкелуді болдырмау және т.б.) қажеттілігімен түсіндіріледі.

КО ТР 018/2011 70-тармағында жеке-дара көлік құралдарының сәйкестігін бағалау рәсімінің (әкеліну мақсатына қарамастан), соның ішінде көлік құралының конструкциясына техникалық сараптама жүргізуді қамтитын бірқатар кезеңдерден тұратыны көзделген. Көрсетілген рәсімдер аяқталғаннан кейін өтініш берушіге (соның ішінде жеке тұлғаларға) көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлік беріледі.

Сонымен бірге, Комиссия Беларусь Республикасында техникалық регламенттің көрсетілген ережелерінің қолданылмайтынын анықтады, өйткені Беларусь Республикасының Стандарттау жөніндегі мемлекеттік комитетінің пікірі бойынша, Шартқа сәйкес Одақтың кедендік аумағына жеке пайдалану үшін әкелінетін жеке-дара көлік құралдарының КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру кезінде жеке тұлға өтініш беруші бола алмайды.

Өтініш беруші осындай тәсілдеменің негіздемесі ретінде Беларусь Республикасы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама) 5-тармағы алтыншы абзацының мазмұнына сілтеме жасайды, онда, оның пікірі бойынша, сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілер болып табылатын тұлғалардың шеңбері белгіленеді және оған тауарларды Одақтың кедендік аумағына жеке пайдалану үшін әкелетін жеке тұлғалар кірмейді.

Хаттаманың 5-тармағының ережелеріне сай сәйкестікті бағалау кезінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның аумағында тіркелген, дайындаушы немесе сатушы, не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға болып табылатын дара кәсіпкер ретіндегі заңды тұлға немесе жеке тұлға өтініш беруші бола алады. Бұл ретте Хаттаманың 5-тармағының жетінші абзацында сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілердің шеңбері Одақтың техникалық регламентіне сәйкес белгіленетіні көзделген.

Өтініште басқа мүше мемлекеттердің өзге тәсілдемені ұстанатыны және Шарттың 52 және 53-баптарының ережелерін ескергенде, міндетті талаптар оған қатысты белгіленетін кез келген өнім қауіпсіз болуға тиіс және айналысқа сәйкестікті бағалау рәсімінен өткеннен кейін ғана шығарылуы мүмкін деп есептейтіні көрсетіледі. Бұл ретте Өтініш беруші Ресей Федерациясы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің хатына сілтеме жасайды, онда «нақты техникалық регламенттерде көзделген сәйкестікті бағалаудың барлық нысандарының ерекшеліктерін Шартта ескеру мүмкіндігінің болмауына байланысты Хаттаманың 5-тармағында да

сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілер шеңбері Одақтың техникалық регламентіне сәйкес белгіленетіндігіне жол беріледі» делінеді.

Осылайша, қазіргі кезде мүше мемлекеттерде Хаттаманың 5-тармағының ережелерін сәйкестікті бағалау рәсімдерін жүргізу кезінде өтініш берушілер болуға құқығы бар тұлғалар шеңберін айқындау бөлігінде қолданудың әртүрлі екі тәсілдемесі бар.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Өтініш беруші Еуразиялық экономикалық одақ Сотынан: Шарттың 53-бабының 1 және 2-тармақтарының, Хаттаманың 5-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарының ережелерін өзара байланыстырып оқудан сәйкестікті бағалау кезінде субъектілік критерий бойынша өтініш берушілер болуы мүмкін тұлғалардың (заңды тұлға, дара кәсіпкер) тізбесі техникалық реттеу объектісіне және адамның өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты өзгеруі (немесе толықтырылуы) мүмкін бе деген сұраққа түсініктеме беруді сұрайды.

2. Соттағы рәсім

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Түсініктеме беру туралы істі дайындау шеңберінде Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен Армения Республикасының Әділет министрлігіне, Беларусь Республикасының Әділет министрлігіне, Қырғыз Республикасының Әділет министрлігіне, Ресей Федерациясының Әділет министрлігіне, Белоруссия мемлекеттік университетіне, Ереван мемлекеттік университетіне, Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпараттандыру институтына, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы заңнама және салыстырмалы құқықтану институтына, Қазан (Приволжский) федеральдық университетіне, О.Е.Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университетіне сұрау салулар жіберіліп, олардан жауаптар алынды.

3. Сот қорытындылары

Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларының негізінде Шарттың ережелеріне олардың өзара жүйелік байланысы тұрғысынан түсінік беруді жүзеге асырады.

1. Шарттың 51-бабының 1-тармағында Одақ шеңберіндегі техникалық реттеу жүзеге асырылатын қағидаттар белгіленеді.

Шарттың 51-бабы 3-тармағының бланкеттік нормасында Одақ шеңберіндегі техникалық реттеудің тәртібі, қағидалары және рәсімдері осы Шартқа № 9 қосымшаға сәйкес белгіленетіні айқындалады.

Хаттаманың 2-тармағына сәйкес «техникалық реттеу» – өнімге немесе өнімге және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу, қолдану және орындау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу, сондай-ақ сәйкестікті бағалау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Өз кезегінде Хаттаманың 2-тармағының айқындау нормасына сәйкес өнім ұғымы материалдық-заттық түрде берілген және шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі ретінде айқындалады.

Осылайша, Соттың Үлкен алқасының пікірінше, техникалық реттеу өндірістік және өнім айналысының саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында техникалық-заң нормаларын әзірлеумен және пайдаланумен байланысты.

2. Шарттың 52-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Одақ шеңберінде адам өмірін және (немесе) денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны, жануарлардың тіршілігін және (немесе) денсаулығын, өсімдіктерді қорғау, тұтынушыларды шатастыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында, сондай-ақ энергетикалық тиімділік пен ресурс үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатында техникалық регламенттер қабылданады.

Шарттың 52-бабының 1-тармағының екінші абзацының тыйым салу нормасы Одақтың техникалық регламенттерін өзге мақсаттарда қабылдауға жол бермейді.

Хаттаманың 2-тармағында Одақтың техникалық регламенті – Комиссия қабылдаған және Одақ аумағында қолдану және орындау үшін техникалық реттеу объектілеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін құжат деп айқындалады.

Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және қабылдау тәртібін, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізу мен күшін жою тәртібін айқындау мәселелерін Комиссия белгілейді.

Шарттың ережелерінде нысанында Одақтың техникалық регламенті қабылданатын Комиссия актісінің түрі нақтыланбайды. Алайда Шарттың X бөлімінің, оған № 1 (Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереже) және № 9 (Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттама) қосымшалардың бүкіл жиынтығын талдау нормативтік-құқықтық сипатты иеленетін, яғни жалпыға бірдей міндетті, формалды-айқындалған мінез-құлық қағидалары белгіленетін Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдері ғана ондай болуы мүмкін екенін көрсетеді, олардан осы қағидалар іс-әрекеттерін мінез-құлық үлгісі ретінде реттеуге арналатын қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері келіп шығады.

3. Шарттың 52-бабы 1-тармағының төртінші абзацында Одақтың техникалық регламенттері немесе ұлттық міндетті талаптар Комиссия бекітетін бірыңғай тізбеге енгізілген өнімге қатысты ғана қолданылатыны белгіленеді. Шарттың 52-бабы 1-тармағының алтыншы абзацына сәйкес

мүше мемлекеттер өз заңнамасында бірыңғай тізбеге енгізілмеген өнімге қатысты міндетті талаптар белгілеуге жол бермейді.

Соттың Үлкен алқасы Одақ шеңберіндегі міндетті талаптар белгіленетін өнімдердің бірыңғай тізбесін қалыптастырудың және жүргізудің және осы өнімдерге қатысты Одақтың техникалық регламенттерін қабылдаудың мақсаты ЕАЭО-да тауарлармен саудадағы техникалық тосқауылдарды жою болып табылады деп пайымдайды және ұлттық техникалық регламенттерді ЕАЭО техникалық регламенттерімен алмастыру болжанатын техникалық реттеуді бірдейлендіру туралы куәландырады.

Шарттың 6-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес Комиссия шешімімен бекітілетін Одақтың техникалық регламенттері Одақ құқығына кіреді және олар Шарттың ережелеріне қайшы келмеуге тиіс. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 13-тармағының нормасына орай техникалық регламенттер нормативтік-құқықтық сипатты иеленеді, мүше мемлекеттер үшін міндетті және мүше мемлекеттердің аумақтарында тікелей қолданылуға жатады. Бұдан басқа, Шарттың 52-бабының 2-тармағы бірінші абзацының нормасына сәйкес олар Одақ аумағында тікелей қолданылады.

4. Шарттың 53-бабы 1-тармағының бірінші абзацында «Одақтың аумағында айналысқа шығарылатын өнімнің қауіпсіз болуға тиістігі» туралы императивтік нұсқау бар.

Бұл ретте Хаттаманың 2-тармағының айқындаушы нормасына сәйкес қауіпсіздік – ол «зиян келтіру және (немесе) залал шектіру мүмкіндігіне байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы».

Соттың Үлкен алқасы қауіпсіздік туралы талаптың жалпы сипатты иеленетінін және оның бірыңғай тізбеге енгізілгеніне және оған қатысты тиісті техникалық регламенттің болуына қарамастан айналысқа шығарылатын барлық өнімге қатыстылығын атап өту қажет деп есептейді.

Одақтың техникалық регламентінде оларға талаптар белгіленбеген өнімге келетін болсақ, Шарттың 53-бабы 2-тармағының екінші абзацына сәйкес оның қауіпсіздігі мен айналысын қамтамасыз ету қағидалары мен тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шартпен айқындалады.

5. Шарттың 53-бабы 2-тармағының бірінші абзацына сәйкес өзіне қатысты Одақтың техникалық регламенті (Одақтың техникалық регламенттері) күшіне енген өнім Одақтың техникалық регламентінде (Одақтың техникалық регламенттерінде) белгіленген сәйкестікті бағалаудың қажетті рәсімдерінен өткен жағдайда Одақтың аумағында айналысқа шығарылады.

Осы құқықтық нормадан өнімнің айналысқа шығарылуына техникалық регламентпен белгіленген сәйкестікті бағалау рәсімі себеп болатыны көрінеді. Бұл пікір Хаттаманың 5-тармағының төртінші абзацы нормасының ережесімен расталады, оған сәйкес айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін бағалау оны айналысқа шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, сәйкестікті бағалау рәсімі өздігінен өнімнің айналысқа шығарылуын алдын ала айқындайды. Ол өнім өзінің Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігіне берілетін тиісті қорытындысыз айналысқа шығарылмайды деген сөз. Өнімді айналысқа шығару деп Хаттаманың 2-тармағында оны Одақтың аумағында тарату мақсатында коммерциялық қызмет барысында өтеусіз немесе өтеулі негізде жеткізу немесе әкелу (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелту немесе қоймаға салмай тиеу) түсініледі. Осыдан бірыңғай тізбеге кіретін, одақтың техникалық регламенті оған қатысты қолданылатын өнімді жеткізушіде (әкелуді жүзеге асыратын тұлғада) коммерциялық қызметі барысында осы өнімді Одақтың аумағына тарату мақсатының болмауы өнімнің техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігіне тексерудің болжанбайтыны келіп шығады.

Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленетін техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау Хаттаманың 5-тармағының бірінші абзацына сәйкес тіркеу (мемлекеттік тіркеу), сынау, сәйкестігін растау, сараптау нысандарында және (немесе) өзге нысанда жүргізіледі. Сәйкестікті міндетті растау сәйкестікті декларациялау және сертификаттау нысандарында жүзеге асырылады (Хаттаманың 5-тармағының екінші абзацы).

Одақтың техникалық регламенттері оларға қатысты күшіне енбеген техникалық реттеу объектілері үшін Хаттаманың 3-тармағының бірінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттер заңнамасының немесе Комиссия актілерінің нормалары қолданылады.

6. Өтініш беруші қойған сұраққа жауап беру үшін Соттың Үлкен алқасы коммерциялық қызмет ұғымының өзін, сондай-ақ онымен айналысуға, яғни сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілер болуға құқығы бар субъектілер шеңберін ұғынып алу қажет деп есептейді.

Коммерциялық қызмет осы жағдайда оны жүзеге асыру Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасы бойынша жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелген немесе заңды тұлға құрылған сәттен бастап қана мүмкін болатын кәсіпкерлік қызметтің синонимы болып табылады.

Мүше мемлекеттердің азаматтық заңнамасының тиісті ережелерін талдау негізінде Соттың Үлкен алқасы кәсіпкерлік (коммерциялық) қызмет мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан немесе қызметтерді көрсетуден жүйелі түрде пайда алуға бағытталған өз тәуекелімен жүзеге асырылатын дербес қызмет болып табылатындығын атап көрсетеді. Дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар және жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылады.

Қарастырылып отырған мәселеге қатысты жоғарыда баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы сәйкестікті бағалау кезінде Хаттаманың 2-тармағының айқындаушы нормасының мазмұны бойынша коммерциялық қызметінің барысында Одақтың аумағына тарату мақсатында өнімді жеткізумен немесе әкелумен айналысатын субъектілер ғана, яғни заңды

тұлғалар мен дара кәсіпкерлер өтініш берушілер бола алады деп атап көрсетеді.

Осыдан жеке пайдалану үшін жекелеген тауарлар әкелетін жеке тұлғалардың сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілер бола алмайтыны келіп шығады.

7. Хаттаманың 5-тармағының алтыншы абзацына сай сәйкестікті бағалау кезінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның аумағында тіркелген, дайындаушы немесе сатушы, не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға болып табылатын дара кәсіпкер ретіндегі заңды тұлға немесе жеке тұлға өтініш беруші бола алады.

Осы құқықтық норманы талдаудан өнімнің сәйкестігін бағалауға өтініш беру құқығын иеленетін субъектілердің шеңбері тұлғалардың екі санатымен: дара кәсіпкер ретіндегі заңды тұлғалармен, жеке тұлғалармен шектелген, оларға мынадай міндетті талаптар қойылады:

олар мүше мемлекеттің аумағында оның заңнамасына сәйкес тіркелуге тиіс;

олар дайындаушы немесе сатушы, не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға болып табылуға тиіс.

Бұл ретте, мұндай субъект дайындаушы уәкілеттік берген тұлға ретінде Хаттаманың 2-тармағының айқындаушы нормасына сәйкес дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен шарт негізінде сәйкестікті растау және өнімді Одақтың аумағында айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан әрекеттерді жүзеге асыратын, сондай-ақ өнімнің Одақтың техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмегені үшін жауаптылықта болатын, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оның аумағында тіркелген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретіндегі жеке тұлға да болып табылуға тиіс.

Осылайша, Хаттаманың 5-тармағы алтыншы абзацының нормасымен сәйкестікті бағалауға өтініш беруі мүмкін тұлғалардың шеңбері тек заңды тұлғалармен және дара кәсіпкерлермен ғана шектеледі.

8. Хаттаманың 5-тармағының жетінші абзацымен сәйкестікті бағалау кезіндегі өтініш берушілердің шеңбері техникалық регламентке сәйкес белгіленеді.

Осы құқықтық норманың мазмұнынан Одақтың тиісті техникалық регламентінде Хаттаманың 5-тармағының алтыншы абзацында аталған субъектілердің қатарынан техникалық реттеу объектісі болып табылатын өнімнің нақты түрі мен қасиеттерін негізге ала отырып және сәйкестікті бағалаудың нақты нысанына қатысты өтініш беретін тұлғалардың субъективтік құрамы нақтыланатыны (тәптіштелетіні) көрінеді. Мәселен, Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 25-тармағына сәйкес, егер көлік құралдары (шасси) Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында дайындалса, онда типті мақұлдау кезінде Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және осы мемлекеттің резиденті болып табылатын, оған **көлік құралын дайындаушының халықаралық сәйкестендіру коды берілген**

дайындаушы немесе оның атынан әрекет ететін дайындаушының ресми өкілі өтініш беруші болуы мүмкін. Кеден одағына мүше мемлекеттің резиденті болып табылмайтын дайындаушы Кеден одағының әрбір мүше мемлекетінде дайындаушымен бірге типі мақұлдаудан өткен айналысқа шығарылатын өнімнің техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жауапты болатын өз өкілін тағайындайды. Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және оның резиденті болып табылатын заңды тұлға дайындаушының өкілі болып табылады.

Соттың Үлкен алқасы өнімнің Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізу кезінде дайындаушыға, сатушыға немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға өтініш беруші болу құқығын бере отырып, Шартта (Хаттамада) айналысқа шығару сәті дайындаушының қоймасынан жөнелтуге немесе қоймаға орналастырмастан тиеуге байланысты өнімге құқықтың ауысуымен ғана емес, сонымен бірге коммерциялық қызмет барысында Одақ аумағында өтеусіз немесе өтеулі негізде тарату мақсатында оны әкелумен немесе жеткізумен де байланысты болуы мүмкіндігі негізге алынатынын атап өтеді. Өнімді айналысқа шығару кезінде коммерциялық қызметті жүзеге асыруға нұсқау беру сәйкестікті бағалауға өтініш беру құқығын иеленетін субъектілердің шеңберін шектейді.

Хаттаманың 5-тармағының жетінші абзацы Одақтың техникалық регламентінде осы тармақтың алтыншы абзацында белгіленген норманың субъективтік құрамын толықтыруға мүмкіндік береді деп өзгеше түсіндіру іс жүзінде алтыншы абзацтың өзін пайдалы әрекеттен айырады, өйткені осындай түсіндіру кезінде оның болмауы құқық қатынастарын құқықтық реттеу нәтижесіне ешқандай әсер етпейді.

Соттың Үлкен алқасы Хаттаманың 5-тармағының алтыншы абзацы дербес мағынаны иеленеді – нарықтың кәсіби қатысушылары – заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер ғана сәйкестікті бағалау рәсімінің субъектілері бола алады деп есептейді. Бұл қорытынды коммерциялық қызмет барысында тарату мақсатында жеткізілетін, әкелінетін өнімді айналысқа шығару мәселесі бөлігінде, сондай-ақ техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған техникалық регламенттерді:

заңды тұлғалардың, олардың басшылары мен өзге де лауазымды тұлғаларының;

дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың;

олардың өкілдерінің сақтауын мемлекеттік бақылау бөлігінде Шарттың 53-бабының 2-тармағы бірінші абзацының және Хаттаманың екінші тармағының ережелеріне толық сәйкес келеді.

Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келетін және сәйкестікті бағалау рәсімдерінен өткен өнім Одақтың нарығында өнім **айналысының** бірыңғай белгісімен міндетті түрде таңбалануға жататыны, ол орыс тілінде және мүше мемлекеттердің заңнамасында тиісті талаптар болған кезде аумағында өнім өткізілетін мүше мемлекеттің мемлекеттік

тілінде (тілдерінде) басылуы тиістігі туралы Хаттаманың 6-тармағы нормасының ережесі сонымен бірге Одақтың аумағында не мүше мемлекеттің (таңба оның тілінде басылатын) аумағында **айналысқа шығаруға және сатуға** жататын тауарларға ғана қолданылады және оларды Одақтың нарығында **сату** үшін арналмаған жеке-дара тауарларды өнім **айналысының** бірыңғай белгісімен міндетті түрде таңбалау болжанбайды. Бұл факт тауарларды жеке пайдалану үшін әкелетін жеке тұлғалардың өнімнің Одақтың қандай да бір техникалық регламентіне сәйкестігін бағалауға өтініш беру субъектілері болып табылмайтындығы туралы пікірді тағы бір рет растайды.

9. Баяндалғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы мына қорытындыны негізді деп есептейді.

Шарттың 53-бабының 1 және 2-тармақтарының, Хаттаманың 5-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарының ережелерін өзара байланыстырып оқу нәтижесінде сәйкестікті бағалау кезінде өтініш берушілердің шеңбері техникалық реттеу объектісінің ерекшеліктеріне қарай Хаттаманың 5-тармағының алтыншы абзацында көрсетілген тұлғалардың қатарынан белгіленуі қажет деген қорытынды шығады.

4. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А.Федорцов

К.Л. Чайка